ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№25 ОРТА МЕКТЕБІ»

КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №25» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПАРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Қазақстан Республикасы, 120411, Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы, Қожабақы ауылы, Бейбітшілік көшесі, 7 үй
тел/факс: 8-(72438) 5-51-28, 5-51-00,
e-mail : kazaly_25@mail.ru

Республика Казахстан.120411.Кызылординская область,,
Казалинский район, село Кожабахы, улица Бибитшилик. д.7
тел/факс: 8-(72438) 5-51-28, 5-51-00,
e-mail : kazaly_25@mail.ru

**БҰЙРЫҚ** | **ПРИКАЗ**

**«29» тамыз 2023 ж** | **№87** | **«29» августа 2023 г**

**Мектеп кітапханасын кәзіргі заманғы білім орталығына айналдыру, жұмысын жандандыру бағытындағы жобалар туралы**

«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2020 ж 16 қазан күнгі №113 – н/қ 1 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН :**

1.Мектепте оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын оятып , білім саласын дамыту бағытында мектеп кітапханасын қажетті көркем әдебиеттермен қамтамасыз ететін. «Оқуға құштар мектеп» бұрышы ұйымдастырылсын .

2.Білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту, мектеп кітапханасының жұмысын жандандыру және Назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесін мектеп өміріне енгізу мақсатында ұйымдастырылған «Coworkinq – орталық », «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасының жұмысын жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Сейітова мен мектеп кітапханашысы Д.Аблаеваға тапсырылсын.

3.Д.Аблаева «Оқуға құштар мектеп», кітапханадағы бұрышын ұйымдастыру, жұмысының жоспарын жасап бекіту міндеттелсін.

4. «Оқуға құштар мектеп» бұрышының мүшелеріне мемлекетіміздің алдағы жылға жоспарланған жобасы бойынша жастарды қызықтыратын белгіленген, төрт бағыт аясында көркем әдебиеттермен , қазақ әдебиетінің классик ақын- жазушыларының кітаптарымен, әлем әдебиеті кллассиктерінің кітаптарымен мектеп жасындағы балаларға қызықты шығармаларымен қазіргі заманғы талантты жазушылардың шығармаларымен, ғылыми – танымдық және оқу әдістемелік әдебиеттермен мектеп кітапханасын толықтырып жас жеткіншектердің кітап оқуға деген ынтасын арттыру, жұмыстарын жүргізу міндеттелсін.

5. «Coworkinq» орталығы » және «Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт» жобасының жұмыс жоспары жасалынып бекітілсін.

6.Осы бұйрықтың орындалуын және жұмыстың жүйелі жүзеге асырылуын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Сейітоваға міндеттелсін.

(негізі Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2020 ж 16 қазан күнгі№113 – н/қ1)

**Мектеп директоры:** **Т.Әбжәлел**

(көшірме дұрыс)

**«Бекітемін»**

**Мектеп директоры:** Т.Әбжәлел

# № 25 мектеп кітапханасының

# «Оқуға құштар мектеп»

# жобасы аясында жүргізілетін жұмыс жоспары

**2023-2024 оқу жылы**

# ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.

# МІНДЕТТЕРІ:

- ✓ Оқу құзыреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатында оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарына әсер етудің белсенді формалары мен әдістерін, педагогикалық идеяларын іздеу;
- ✓ Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- ✓ Мектеп кітапханаларын ресурстық ақпараттық-кітапханалық және мәдени-ағарту орталықтары ретінде дамытуға ықпал ету ;
- ✓ Кітап оқуды алға жылжыту бойынша жұмыс тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарату;
- ✓ Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету;
- ✓ Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру;

# ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕРЗІМІ:

**2020-2025 жылдар**

# КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- Мектеп кітапханалары жұмысының әдістемесі мен практикасына инновациялық жобалар мен технологиялар апробацияланады және енгізіледі;
- Мұғалімдердің, кітапханашылардың әдістемелік материалдар банкі жинақталады;
- Жұмыс тәжірибесі жинақталады және таратылады;
- Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғыртылады;
- Мектеп кітапханаларының ақпараттық ресурстарын пайдаланушылар саны артады;
- Балалардың жүйелі, шығармашылық, дамытушылық оқу дағдылары қалыптасады.

| ЖҰМЫС БАРЫСЫ | ІС ШАРА АТАУЫ | ФОРМАСЫ | ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ | ЖАУАПТЫЛАР |
|---|---|---|---|---|
| «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында | Ақпарат күні<br>«Жаңа кітап –жаңа әлем» | келіп түскен жаңа көркем әдебиеттерді таныстыру,шолу бұрыш ұйымдастыру | Қыркүйек айы | Кітапханашы |
| «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында | А.Байтұрсыновтың туған күніне орай «Тіл-халықтың қазынасы » | Кітап көрмесі | Қыркүйек айы | Кітапханашы |
| | Қожа Ахмет Яссауидің 930 жылдығына орай | Бұрыш ұйымдастыру | Қыркүйек айы | Кітапханашы |
| «Балалар кітапханасы» жобасы аясында | «Ізгілікке қалам тартқан ... жас ғұмыр» Оқушыларға адами құндылықтар туралы мәлімет беру. 6 сынып оқушылары. | Жергілікті ақын жазушылардың өлеңдерінен мәнерлеп оқу | Қыркүйек айы | Кітапханашы<br>Тәлімгер |
| «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында | Жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай | 20 минуттық кітап оқу<br>(О.Бөкей. шығармаларын оқуға ұсыну, ведио түсіру<br>Бұрыш ұйымдастыру | Қыркүйек айы | Кітапханашы |
| «Балалар кітапханасы» жобасы аясында | «Жақұты барға жасын түспейді»<br>Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық | Трендте кітап оқу (М.Жұмабаев мәнерлеп оқу) | Қазан айы | Кітапханашы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл! | | | |
| «Оқуға құштар жобасы аясында» | «Жаңа кітап –жаңа әлем" кітапханамызға жаңадан түскен әдебиеттеріміз кітапхана оқырмандарына | Кітап бұрышы Таныстыру | Қазан айы | Кітапхаашы |
| | «Жаңа кітаптар жаңалығы» кітапхана оқырмандарына | Таныстыру .биб. шолу, ведио жасау | Қазан айы | Кітапханашы |
| «Балалар кітапханасы» жобасы аясында | «Балалар әдебиеті-ғажайып әлем» жаңадан келген ертегі кітаптардан | Кітап оқып, мазмұндап айту және өзің оқы ,өзгеге ұсын 3 сынып оқушылары | Қазан айы | Кітапханашы |
| «Оқуға құштар жобасы аясында» | «Күзде жалықпаймыз , кітап оқу» жаңадан түскен әдебиеттерден | кітап оқу,ведио түсіру | Қазан айы | Кітапханашы |
| «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында | «Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» Жергілікті ақын жазушылардың өлеңдерінен | Мәнерлеп оқу сайысы | Қазан айы | Кітапханашы |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында | Қазақ халқының XXғасыр басындағы аса көрнекті ақын – жазушы , ақыл ойшысы, демократ ақын ақыны С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл | Челлендж | Қараша айы | Кітапханашы<br>Сынып жетекшілер |
| | Қожа Ахмет Яссауидің 930 жылдығына орай | Тарихи таным сағаты | Қараша айы | Кітапханашы |
| «Балалар кітапханасы» жобасы аясында | «Кітап оқу сағаты» аптаның бесінші күндері | 20 минуттық кітап оқыту | Қараша айы | Кітапханашы |
| | «Отбасымызбен кітап оқимыз» | Бейнеролик | Қараша айы | Кітапханашы |
| «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында | «Білгеніңмен бөліс» акциясы кітап насихаттау барысында | Сынып аралық сайыс | Қараша айы | Кітапханашы<br>Тәлімгер |
| | «Қазақтың батыры М.Өтемісұлының туғанына 220 жыл | Мәнерлеп оқу | Қараша айы | Кітапханашы |
| «Балалар кітапханасы» жобасы аясында | «Ертегілер елінде» | Ертенгілік | Қараша айы | Кітапханашы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында | Қазақтың көрнекті жазушысы ,публицист, драматург Ж.Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай | Шығармаларын оқу | Желтоқсан айы | Кітапханашы Сынып жетекшілер |
| | Қазақ халқының XXғасыр басындағы аса көрнекті ақын – жазушысы демократ ақыны С.Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай | конференция | Желтоқсан айы | Кітапханашы |
| «Балалар кітапханасы» жобасы аясында | «Кітап оқыту сағаты» | 20 минут кітап оқыту | Желтоқсан айы | Кітапханашы |
| | «Бір ел –бір кітап» акциясы аясында Төлен Әбдіктің 80 жыл толуына орай | Шығармаларын оқу | Желтоқсан айы | Кітапханашы |
| «Оқуға құштар жобасы» аясында | «Бабалар мұрасы- ұрпақ қазынасы » Үш жүздің биі Төле биге-360 жыл | Бұрыш ұйымдастыру тарихи таным сағаты | Желтоқсан айы | Кітапханашы |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Балалар кітапханасы» жобасы аясында** | **«Қысқы демалыста кітап оқимыз»** | **Бейне ролик ,кітап оқыту** | **Қаңтар айы** | **Кітапханашы** |
| | **«Кітап асыл –қазына »** | **Викториналық ойын 6-7 сыныптар** | **Қаңтар айы** | **Кітапханашы** |
| **« Оқуға құштар мектеп» жобасы** | **«Кітапханада «BOOKGROSSING» кітап оқу** | **Өзің оқы-өзгеге ұсын** | **Қаңтар айы** | **Кітапханашы** |
| | **«Кітап өмір сүр!» операциясы** | **Кітаптарды жөндеу** | **Қаңтар айы** | **Кітапханашы** |
| **«Оқуға құштар мектеп жобасы»** | **Қазақ жазушысы , қоғам қайраткері , қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спанияр Көбеевтің туғанына 145 жыл толуына орай** | **Биб.шолу . Қалың мал романына конференция** | **Қаңтар айы** | **Кітапханашы Әбдірова Ф Қазақ тілі пәнәнің мұғалімі** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Балалар кітапханасы» жобасы аясында** | **«Кітап оқу сағаты »<br><br>Бастауыш сынып оқушылары** | **20 минут кітап оқыту** | **Ақпан айы** | **Кітапханашы** |
| | **«Менің сүйікті кітабым» «Досыңа кітап сыйла** | **Оқыған шығармаларынан үзінді айту . бір біріне ұсыну** | **Ақпан айы** | **Кітапханашы** |
| **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | **«Позияның асқар шыңы Мұқағали»** | **Мәнерлеп оқу** | **Ақпан айы** | **Кітапханашы** |
| | **«Ұлы даланың барысы –Сұлтан Бейбарыс» Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толуына орай** | **Кітап көрмесі Өір жолынан бейнеролик көрсету** | **Ақпан айы** | **Кітапханашы** |
| **«Балалар кітапханасы» жобасы аясында** | **«Апатайым Анашым» тақырыбында** | **Жыр сағаты** | **Наурыз** | **Кітапханашы** |
| | **«Мен және менің отбасым»** | **Отбасылық кітап оқу** | **Наурыз** | **Кітапханашы** |
| **Балалар кітапханасы» жобасы аясында** | **2 сәуір Халық аралық балалар кітабы күніне орай** | **Ертегі кітаптар оқу** | **Сәуір** | **Кітапханашы** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Кітап рухани қазына»** | **таным сағаты** | **Сәуір** | **Кітапханашы** |
| **«Балалар кітапханасы» жобасы аясында** | **Ақын жазушы ,философ, тарихшы композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туған** | **Шығармалын оқу** | **Мамыр** | **Кітапханашы Сынып жетекшілер** |
| | **«Үздік оқырман-2024»** | **Кітапханалық байқау** | **мамыр** | **Кітапханашы** |

**Кітапханашы :** **Аблаева Д**

**№25 орта мектеп кітапханасының 2023-2024 оқу жылындағы жоспарға анықтама**

**Қыркүйек айында:** «Жаңа кітап жаңа әлем» мектеп кітапханасына келген жаңа көркем әдебиеттерді таныстыру ұйымдастырылды. А.Байтұрсыновтың туған күніне орай «Тіл – халықтың қазынасы» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру,таза сөйлеуге үйрету,өз ұлтына деген сүйіспеншілігін ояту.Кітап көрмесіне Ахмет Байтұрсыновтың шығармалары қойлып оқушыларға түсіндірілді.

**Қазан айында:** Жазушы, драматург О.Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай, кітап бұрышы ұйымдастырылды. «Жақұты барға жасын түспейді», Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына байланысты мәнерлеп оқу өткізілді.https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02QhDpgxMawk1zDfSivqv5wss3CGimy4VPcYnb8QpzUsiQxJqsuPx2jy811TEpFDBMl&id=100014067042264&mibextid=Nif5oz

**Қараша айында**: «Балалар әдебиеті –ғажайып әлем», жаңадан келген ертегі кітаптардан кітап оқытылып, мазмұны сұралды. «Ізгілікке қалам тартқан ...жас ғұмыр» жергілікті ақын - жазушылардың өлеңдерінен мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.

мәнерлеhttps://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02fga7NNAJqMoPK6PPxUUMZbFnHGoZaWB2HeYAUByzhgFc5uGVacq9WpYMGz54FxPl&id=100014067042264&mibextid=Nif5 С.Сейфулиннің туғанына 130 жыл толуына орай челендж ұйымдастырылды.Оқушылар аса белсенділікпен қатысты.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid08MHqbc4odtgoAUJkGYzLqhTmVaXXvNPL1zf7iDEXQKqLHrQ76XbSCx4dnGG5iaeVl&id=100014067042264&mibextid=Nif5oz

**Желтоқсан айында.** «Отбасымызбен кітап оқимыз» оқушылар арасында бейнеролик түсіруден байқау өткізілді. Қазақтың батыры М.Өтемісұлының туғанына 220 жыл, оқушылар арасында мәнерлеп оқудан сайыс ұйымдастырылып, байқау жеңімпаздары арнайы дипломдармен марапатталды. Қазақтың көрнекті жазушысы,публицист,драматург Ж.Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай шығармаларын оқудан байқау өткізілді. Көрнекті ақын жазушы, демократ С.Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай конференция ұйымдастырылды.Оқырмандар өте жоғары деңгейде белсенділік танытты. «Кітап оқыту сағаты» үзілісте оқушылар арасында 20 мин кітап оқыту сағаты ұйымдастырылды. Үлкен үзіліс кезінде оқушылар өздерінің ұнатқан кітаптарын оқыды. Белсенділік танытқан оқушылар «Алғыс хаттармен» марапатталды.

**Қаңтар айында:** «Қысқы демалыста кітап оқимыз» бейнеролик арқылы кітап оқу ұйымдастырылды. Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спанидяр Көбеевтің туғанына 145 жыл толуына орай «Қалың мал» романына библиографиялық шолу өткізілді, оқырмандар белсене ат салысты. «Менің сүйікті кітабым», «Досыңа кітап сыйла» оқушылар арасында оқыған шығармаларынан үзінді айтып, бір-біріне кітап сыйлау ұйымдастырылды.

**Ақпан айында:** «Поэзияның асқар шыңы Мұқағали» мәнерлеп оқудан байқау өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. Жылдан –жылға Мұқағали өлеңдерін сүйіп оқитын оқушыларымыздың саны көбейгендігі байқалды.

**Наурыз айында: «**Ұлы даланың барысы-Сұлтан Бейбарыс» кітап көрмесі және өмір жолынан бейнеролик көрсетіліп, оқушылардың қызығушылықтары артты.

**Сәуір айында:** «Мен және менің отбасым» атты отбасылық кітап оқу бейнеролигі жасалды.Халықаралық балалар кітабы күніне орай ертегі кітаптар оқудан сайыс өткізілді.

**Мамыр айында:** Ақын-жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жыл толуына орай шығармаларын оқу сағаты ұйымдастырылды. «Үздік оқырман-2024» кітапхана оқырмандарының арасында байқау өткізіліп, жылдың үздік оқырманы анықталды.

**Кітапханашы : Аблаева Д**